

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

Instagram: saran\_today, saran\_gazeti

Facebook: sarangazeti

Website: sarangazeti.kz



## »» НОВОСТИ ГОРОДА

# В Сарани открыли новую подстанцию скорой помощи

*В Карагандинской области укрепляют систему экстренной медицины. Работа системная: в прошлом году обновили парк скорой помощи, закупив 113 современных машин. Следующим шагом стало строительство новых социальных объектов.*

В Сарани открыли современную модульную подстанцию скорой помощи, которая будет обслуживать около 47 тысяч жителей города и близлежащих населённых пунктов.

Аким области Ермаганбет Булекпаев подчеркнул, что здоровье населения всегда было и остаётся приоритетом государственной политики.

— Сарань растёт и развивается — это первый город в стране, вышедший из списка моногородов по поручению Главы государства. Активное развитие экономической зоны способствует притоку населения,



поэтому мы продолжаем создавать необходимую социальную инфраструктуру для жителей города, — сказал Ермаганбет Булекпаев. — И сегодня открыли новую подстанцию скорой помощи, и она уже приступила к работе.

Здание просторное и комфорт-

ное.

Есть всё необходимое как для работы сотрудников неотложной помощи, так и для отдыха между вызовами.

Диспетчерская комната оснащена современным оборудованием, для удобства персонала тёплый пол.

Также оборудованы кабинеты старшего фельдшера и сестры-хозяйки.

— Я работаю на скорой помощи уже 35 лет, и за всё это время у нас никогда не было своего отдельного здания. Мы всегда размещались при больницах или в арендованных помещениях, приспособленных под нужды службы. Подстанция находится в центре города — это помогает быстрее добираться до пациентов. Здесь созданы все условия для сотрудников: светлые и тёплые кабинеты, комнаты отдыха, диспетчерская, помещение для приёма пищи с тёплыми полами и кондиционерами. В день у нас работают четыре бригады. На каждую приходится до 17–18 вызовов. Для нас большая радость работать в современной, просторной и уютной подстанции, — отметила заведующая подстанцией скорой помощи Сарани Раиса Бизяева.

gov.kz

## »» ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# АНАЛАРДЫҢ МЕРЕЙІН ӨСІРГЕН КҮН



**9 маусым күні Саран қаласы әкімінің орынбасары С.Бейсекеев көп балалы аналарды марапаттады.**

Салтанатты жиында қала әкімінің орынбасары С.Бейсекеев көп балалы аналардың қоғамдағы маңызды рөлін атап өтіп, жеті баланы тәрбиелеп отырған аяулы ана Е.Соловьёваға «Алтын алқа» және алты баланың ардақты анасы С.Базарханға «Күміс алқа» алқасын табыс етті.

Шара барысында марапат иелеріне гүл шоқтары беріліп, жылы лебіздер айтылды. Аналар да өз тарапынан өздерінің қуаныштарымен бөлісіп, отбасы құндылықтарына ерекше тоқталды.

— Балаларыммен бақыттымын. Аллаға шүкір, алты балам бар. Үлкенім — мұғалім, кішкентайымыз — 1 жастан асты. Ана бақытын ерекше бағалаймын, — деді Саран қаласының тұрғыны С.Базархан.

«Алтын алқа» алқасының иегері атанған, жолдасымен бірге төрт ұл мен үш қызды тәрбиелеп отырған Е.Соловьёва өзінің балалық арманы орындалғанын айтты. Сондай-ақ, жарасымды жанұяда мереке күндері ғана емес, күнделікті өмірде де барлығы бір дастарқан басына жиналып, қуанышты сәттерді бірге бөлісу дәстүрге айналған.

— Мен кішкентай кезімнен 7 баламның болғанын армандайтынмын. Менің әжем бес баланы өсірген. Бүгінде арманым орындалды, — деді көп балалы ана.

Ата-ананың ұрпақ тәрбиесінде алар орны ұшан-теңіз. Оның ішінде аналардың еңбегі — өлшеусіз. Олардың ел демографиясын дамытуға қосқан үлесі мен бала тәрбиесіндегі еңбегі әрдайым құрмет пен қошеметке лайық болары сөзсіз.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

## »» РАЗВИТИЕ ГОРОДА

# В Сарани реконструируют канализацию

**В микрорайоне «Горняк» полным ходом идет масштабная реконструкция канализационных сетей.**

Строительно-монтажные работы стартовали в августе прошлого года. Подрядчиком определено ТОО «Западно-Казахстанская Металлоломная Компания». За прошедший период подрядчики уже проложили 4 километра нового трубопровода и смонтировали 130 канализационных колодцев. Это первый этап большой работы, от которой зависит санитарное благополучие сразу нескольких районов города.

В 2025 году подрядчик сосредоточен на замене изношенных канализационных сетей от микрорайонов «Горняк» и «1А» до проспекта Ленина включительно. Эти участки наиболее проблемные — старые трубы неоднократно становились причиной засоров и подтоплений. На 2027 год запланирован следующий этап: замена трубопровода от проспекта Ленина до 5 квартала включительно. Именно там сети имеют максимальный износ.


Параллельно в текущем году начнется разработка проектно-сметной документации на участки, которые не вошли во вторую очередь реконструкции. Это позволит в будущем охватить ремонтom всю городскую систему водоотведения без «белых пятен».

Главное социальное значение проекта в том, что он решает многолетнюю проблему жителей частных сек-

торов. Новые канализационные сети впервые появятся в Больничном переулке, на улице Карагандинской, а также по улице Победы от дома №93 до улицы Рабочая. После завершения строительства у горожан появится возможность подключиться к централизованной системе и забыть о постоянном вывозе стоков.

Реконструкция канализации в Сарани — один из ключевых инфраструктурных проектов области. От его завершения напрямую зависит комфорт и здоровье тысяч жителей города. Местные власти держат ход работ на контроле и рассчитывают, что к концу 2027 году Сарань получит современную и надежную систему водоотведения.

Соб. инф.



» МАҢЫЗДЫ

## Өңір дамуының тірегі – кәсіби басқарушылар

Қазіргі кезеңде өңірлердің тұрақты дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатын арттыру тиімді басқару жүйесіне тікелей байланысты. Осы орайда өңірлік кадр резерві жобасы мемлекеттік басқару саласына жаңа көзқарас әкеліп, кәсіби әрі білікті басшыларды даярлаудың маңызды алаңына айналып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жүзеге асырылып жатқан реформалардың нәтижелілігі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығы мен жауапкершілік деңгейіне тікелей байланысты екенін атап өтті.

Өңірлік кадр резерві – жергілікті басқару органдары үшін перспективті мамандарды іріктеп, олардың кәсіби өсуіне жағдай жасауға бағытталған стратегиялық жоба. Оның басты мақсаты – өңірдің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін терең түсінетін, заманауи басқару құралдарын меңгерген және халық мүддесін басты орынға қоятын жаңа буын басшыларын қалыптастыру.

Жоба аясында үміткерлер бірнеше кезеңнен тұратын ашық әрі әділ іріктеуден өтеді. Бағалау барысында олардың кәсіби тәжірибесі, көшбасшылық қасиеттері, басқарушылық құзыреттері және стратегиялық ойлау қабілеті жан-жақты сараланады. Мұндай тәсіл мемлекеттік қызметте жоғары нәти-

жеге қол жеткізе алатын мамандарды анықтауға мүмкіндік береді.

Осы жоба барысында 2024 жылы Қарағанды облысында алғаш рет Өңірлік кадр резервін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілді. Аталған іріктеу «Қарағанды облысының кадр комиссиясы туралы ережеге» сәйкес ұйымдастырылды.

Іріктеу қорытындысы бойынша 25 үміткер Қарағанды облысының өңірлік кадр резервіне қабылданды. Бүгінгі таңда олардың 13-і, яғни 52 %-ы, тиісті жоғары лауазымдарға тағайындалып, экономика, жер қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және сәулет секілді әртүрлі салаларда жемісті еңбек етуде.

Бүгінде өңірлік кадр резерві мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғыртудағы маңызды тетіктердің біріне айналып отыр. Бұл бастама кәсіби, жауапты және бәсекеге қабілетті басқарушыларды даярлау арқылы өңірлердің орнықты дамуына серпін бермек.

Алдағы кезеңде жобаны одан әрі жетілдіру, іріктеу рәсімдерінің ашықтығын күшейту және резервшілердің кәсіби әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасады. Бұл өз кезегінде өңірлік басқару сапасын арттырып, мемлекеттік қызметтің тиімділігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

**Б. Макеев,**  
*Департамент басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі*

» НЕТ - КОРРУПЦИИ!

## ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ – ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КАЖДОГО

Коррупция представляет собой одну из наиболее серьезных угроз устойчивому развитию государства, подрывает доверие граждан к институтам власти и препятствует социально-экономическому прогрессу. Поэтому противодействие коррупции остается одним из важнейших направлений государственной политики Республики Казахстан.

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев неоднократно подчеркивал, что формирование справедливого и открытого общества невозможно без эффективной борьбы с коррупцией. Сегодня в стране реализуется комплекс мер, направленных на предупреждение коррупционных проявлений, повышение прозрачности деятельности государственных органов и укрепление принципов законности.

В Казахстане последовательно совершенствуется антикоррупционное законодательство, внедряются современные механизмы контроля и общественного мониторинга. Особое внимание уделяется цифровизации государственных услуг, развитию электронного правительства, открытости бюджетных процессов и обеспечению доступности информации для граждан.

На местном уровне также проводится системная работа по укрепле-

нию принципов добропорядочности и открытости. В государственных учреждениях города Сарани принимаются меры по повышению качества оказания государственных услуг, соблюдению норм служебной этики и предотвращению конфликта интересов. Особое значение имеет создание условий, при которых каждый житель может открыто обращаться с предложениями, замечаниями и вопросами, получая своевременную и объективную обратную связь.

Важную роль в профилактике коррупции играет активная гражданская позиция общества. Нетерпимость к любым проявлениям коррупции, соблюдение законов, участие в общественном контроле и правовая грамотность граждан являются основой формирования культуры честности и справедливости.

Уважаемые жители города Сарани! Борьба с коррупцией – это не только задача государственных органов, но и общая ответственность каждого гражданина. Только совместными усилиями государства и общества мы сможем укрепить доверие к институтам власти, обеспечить справедливость и создать благоприятные условия для дальнейшего развития нашего города и страны.

**С уважением,**  
**аким города Сарани Д. Бұлқайыр**

» АКТУАЛЬНО

## Актуальные вопросы о ЕНПФ

**1. Какова цель пересмотра и принятия новых порогов минимальной достаточности?**

Цель пересмотра методики расчета ПМД – повышение требований к минимальной сумме пенсионных накоплений, необходимой для обеспечения адекватности будущей накопительной пенсии, поэтапный рост коэффициента замещения трудового дохода вкладчика за счет пенсионных выплат в пенсионном возрасте с учетом минимальных международных стандартов. Напомним, что согласно минимальным требованиям Международной организации труда (МОТ) коэффициент замещения дохода (КЗД) должен составлять не менее 40%.

Предполагается, что расчет ПМД по новой Методике будет более приближенным к реальным условиям и целевым параметрам пенсионного обеспечения и снизит риск того, что у гражданина к моменту выхода на пенсию окажется недостаточный объем накоплений.

**2. Как будут определяться порог минимальной достаточности? Какие факторы будут учитываться?**

Согласно изменениям, размеры ПМД будут определяться, исходя из целевых показателей будущих пенсионных выплат и рассчитываться для каждого возраста вкладчика по стандартной формуле расчета приведенной стоимости ежемесячных выплат.

Формула учитывает долгосрочные демографические (национальные демографические таблицы) и финансовые (процентные ставки доходности и индексации выплат) факторы для достижения стабильности и предсказуемости для граждан размера будущих выплат.

Применение формулы приведенной сто-

имости выплат основано на международной практике расчета накоплений, необходимых для целевых выплат и ожидается, что результаты расчетов будут менее подвержены изменениям при текущем пересмотре прогноза макроэкономических параметров.

Требования к минимальному размеру пенсионных выплат основаны на использовании социально-экономических показателей: минимальная пенсия по возрасту и минимальная заработная плата, ежегодно определяемых законом о республиканском бюджете.

Отметим, что при рассмотрении возможности изъятия средств (на жилье и лечение) будет оцениваться, остается ли на пенсионном счете сумма, достаточная для обеспечения будущих пенсионных выплат.

**3. Как принимаемые изменения повлияют на будущие пенсионные выплаты?**

По действующей Методике определения ПМД, в случае изъятия пенсионных накоплений сверх порога, вкладчик в будущем при выходе на пенсию будет рассчитывать получать выплаты порядка 50 тыс. тенге, что соответствует лишь текущему уровню прожиточного минимума (ПМ). При этом в действующей Методике предполагается, что вкладчик после изъятия своих накоплений до уровня порога будет продолжать регулярно уплачивать обязательные пенсионные взносы (ОПВ) вплоть до наступления пенсионного возраста. Однако, в действительности, если новые взносы будут уплачиваться нерегулярно или их не будет, то, соответственно, действующие размеры ПМД не обеспечат ожидаемые минимальные выплаты. Таким образом, в будущем у такого вкладчика размер выплаты будет ниже размера ПМ.

Кроме того, даже в случае регулярной уплаты взносов и обеспечения минимальных накоплений на уровне действующих размеров ПМД, при достижении пенсионного возраста размер накопительной пенсии на уровне 50 тыс. тенге обеспечит менее 15% от текущего размера медианной заработной платы.

Для справки: Медианная заработная плата – это один из критериев, которые используются при анализе доходов населения страны, позволяющий осуществить расчет зарплаты как для всей страны, так и для отдельных регионов и населенных пунктов. Медианная зарплата – это показатель, который делит все заработные платы на две равные части: половина работников получают больше медианы, а вторая часть – меньше этого значения. Она показывает ситуацию с доходами более точно. Однако надо учитывать, что она может меняться под воздействием различных факторов, например, в зависимости от экономического роста, инфляции, конъюнктуры рынка труда и политических решений.

По принимаемой Методике определения ПМД, в случае изъятия пенсионных накоплений сверх порога, вкладчик в будущем при выходе на пенсию будет получать выплаты, минимальный размер которых будет приближен к уровню, составляющему 40% от размера медианной заработной платы. При этом в принимаемой Методике размеры порогов уже не будут зависеть от будущих взносов и от ежегодных прогнозных изменений многих макроэкономических показателей. Величины ПМД будут определяться на основе долгосрочных факторов, включая демографические таблицы населения Казахстана, регулярно обновляемые Организацией объединенных наций (ООН) с учетом национальной статистики. Соответственно, размеры будущей пенсии будут предсказу-

емы для граждан и поэтапно приближаться к целевым показателям стран ОЭСР – Организации экономического сотрудничества и развития.

Согласно изменениям, размеры порогов будут зависеть от возраста вкладчика. Чем старше вкладчик и его возраст ближе к пенсионному возрасту, тем выше требования к размеру будущей пенсионной выплаты, чтобы при достижении пенсионного возраста граждане могли получать доход на уровне, близком к международным стандартам.

Таким образом, новая модель делает расчет ПМД приближенным к реальным условиям и целевым параметрам пенсионного обеспечения и снижает риск того, что у гражданина к моменту выхода на пенсию окажется недостаточный объем накоплений.

**4. Как изменения повлияют на возможность использования пенсионных накоплений на жилье и лечение? Станет ли доступ к изъятию более ограниченным?**

С учетом повышения величин ПМД объем накоплений, доступных для изъятия, может сократиться, поскольку увеличивается минимальная сумма, которая должна оставаться на пенсионном счете.

При этом:

- действующие механизмы использования пенсионных накоплений на улучшение жилищных условий и оплату лечения сохраняются;
- изъятию доступны только накопления, превышающие ПМД;
- ограничения, связанные с ПМД, направлены на обеспечение достаточного уровня пенсионных накоплений и выплат в будущем.

**Пресс-центр АО «ЕНПФ»**

» ӨЗЕКТІ

# Вакцинацияның тиімділігі

Соңғы кезде профилактикалық епелерден бас тарту мәселесі жиі көтерілуде. Босанғаннан кейін аналар жаңа туылған нәрестеге екпе салу қажеттігімен бетпе-бет қалады. Көптеген аналар епеден кейін мүмкін болатын әсерлерді естіп, епеден мүлде бас тартады.

Екпелер – балаға қамқорлық көрсетудің ең маңызды жолдарының бірі болып табылады. Өкінішке орай көп жағдайда ата – аналар қандай жұқпалы ауруларға қарсы не себепті, қашан және қай мерзімдерде баланы қорғау қажеттігін білмейді. Ал балаға жоспарлы екпе салдыратын уақыт келгенде, ата – аналарда вакцинаның қауіпсіздігіне қорқыныш пен күмән пайда болады. Кейбірі вакцинаның тиімділігіне сенбей, балаға зиянын тигізеді деп қорқады.

Баспасөздегі епелер туралы негізсіз сындар, епеден кейінгі жеке жағдайларды есепке алмағанда, жұртты таң қалдыратын оқиғаларды күшейтумен байланысты. Иә, жағымсыз әсерлер барлық дәрілік заттарға, оның ішінде вакциналарға да тән қасиет. Бірақ, екпенің әсерінен бұрын, егілмеген балаларға жұқпалы сырқаттанушылықтардан кейінгі асқынулардың пайда болу қаупі жоғары. Әрине, соңғы шешім ата – аналармен қабылдануы тиіс. Бірақ шешім жоғары дәрежеде негізделген және жауапты болуы қажет. Себебі көп жағдайда вакцинаның пайдасы туралы күмән тудыратын ойлар, қажетті ақпараттың болмауымен байланысты. Ал дәрігерлердің мақсаты, ата – аналардың маңызды сұрақтарын түсіндіруге көмек беру.

Иммундау адамзат тарихында сұрапыл ауыр жұқпалы аурулардың таралуын тоқтату үшін маңызды рөл атқарды. Бүгінгі күнге тұрғындарды иммундаудың нәтижесінде көптеген жұқпалы сырқаттанушылықтардың көрсеткіштері төмендеген. Демек бұл



балаларымызды дифтерия, көкжөтел, сіреспе, туберкулез, қызылша, қызамық, полиомиелит, эпидемиялық паротит және басқа да аурулардан қорғай аламыз дегенді білдіреді.

Вакцинация ауруларға қарсы иммунитетті қалыптастыруға арналған. Ағзаны микроорганизмдер мен вирустарды «есте сақтауға» үйретеді және оларға қарсы антидене қалыптастырады. Өкінішке орай белсенді иммунитет үнемі сақталмайды және кейбір епелерді қайта салуды қажет етеді. Не себепті дәрігерлер ата – аналарға балаларына екпе салдыруға кеңес береді? Барлық епелер жұқпалы аурулардан балаларды 100% қорғамайды, бірақ балаларда, әсіресе өмірінің алғашқы жылдарында сырқаттану қаупін төмендетеді. Бұл маңызды, себебі бала кіші болған сайын оның иммунитеті жүйесі көмекті қажет етеді. Егер бала сырқаттанып қалса, алдын ала жасалған екпе, тезірек жазылуға және асқынуды болдырмауға көмектеседі. Сондай – ақ қазіргі уақытта, балаларды көп жағдайда жасанды тамақтан-дыруға ауыстыратынын естен шығармауымыз қажет. Себебі ол иммунитет жүйесін едәуір төмендетеді, сондықтан уақытылы жасалған екпе денсаулықты қорғаудың бір амалы болып табылады.

Вакцинация – жұқпалы ауруларға қарсы қорғаудан тиімді және экономикалық тұрғыдан пайдалы. Біздің елімізде ҚР Ұлттық күнтізбесіне сәйкес 20 жұқпалы ауруларға қарсы, ақысыз түрде иммундау жүргізіледі. Екпелер жасына сәйкес медициналық ұйымдарда немесе жалпы білім беру мектептерінде, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайыландырылған кабинеттерінде, ата – аналардың рұқсатымен жүргізіледі.

Өкінішке орай бүгінгі күнге белгілі немесе белгісіз себептерге байланысты епеден бас тарту жағдайлары жиілеп кеткен. Өздерін «маман» деп атайтындардың көпшілігі ғаламторда епеден кейінгі асқынулармен шатастырып, вакцинаның зияны туралы айтады.

Ал әлемнің барлық дамыған мемлекеттерінде жалпылама міндетті вакциналар тізбесі бар және екпесіз бала мектепке дейінгі ұйымдарға, мектептерге жіберілмейді. Сондықтан орта ғасырға қайта оралудың және ең қымбаты – баланың денсаулығын қатерге тігудің қажеті жоқ. Иммундауды дұрыс және ғылыми тұрғыдан жасаған жағдайда, асқыну қаупінің туындауы мүмкін болмайды.

Балаға екпе жауапты ем шара болып

табылады, сондықтан дұрыс дайындалса епеден кейінгі қолайсыз әсерлердің алдын алуға болады. Бірінші кезекте бұл баланың денсаулығына байланысты. Егер бала сырқаттанып тұрса, суық тисе немесе суық тию белгілері (жөтел, мұрыннан су ағу, түшкіру және т.б.) болса, екпе салуға болмайды. Дене қызуы қалыпты болуы тиіс, бірақ бір жасқа дейінгі балаларда жиі дене қызуы субфебрильді болатынын ескеруіміз қажет, яғни патологиялық жағдайға жатпайды. Ата – аналар дәрігерге көмектесуі қажет және соңғы күндері пайда болған патологиялық белгілері туралы айтуы тиіс. Әсіресе созылмалы сырқаттанушылықтары бар балалар ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Оларды толық кешенді тексеруден кейін, баланың денсаулығына қауіп туғызатын жағдай болмағанда ғана егеді. Бір жасқа дейінгі балалардың рационына екпе алдында қосымша тамақ немесе жаңа тағамдар енгізу қажет емес. Сондай – ақ емізу кезінде белгісіз тамақ өнімдерін қолданбау қажет.

Міндетті түрде алдыңғы салынған екпені дұрыс қабылдауы – дене қызуының көтерілуі, жалпы жағдайының нашарлауы, екпе салған жердің тығыздануы, ұйқышылдығы, тамаққа төбетінің тартпауы, жергілікті әсер және басқа да қолайсыз әсерлердің болғаны туралы дәрігерге айту қажет. Егер дәрігер епеден кейінгі асқыну немесе бала туралы толық хабардар болса, алдағы салынатын екпеге баланың қауіп дәрежесін анықтап, алдын алу шараларын тағайындай алады немесе екпені кейінге қалдырады. Екпелер – бұл жұқпалы аурулардан сақтанудың жалғыз сенімді жолы.

Біздің де балаларымыздың қорғалуға құқығы мен мүмкіндігі бар.

«Саран қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ

» ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## Деструктивті діни ағымдардың белгілері және олардың қоғамға әсері

*Деструктивті діни ағымдар – діни сенімді өз мақсаттарына пайдаланып, адамдардың санасы мен мінез-құлқын бақылауға ұмтылатын ұйымдар. Олар қоғамның дәстүрлі құндылықтарына қарсы келіп, адамдарды отбасы мен қоршаған ортадан оқшаулауы мүмкін.*

Мұндай ағымдардың негізгі белгілеріне көшбасшыға шексіз бағынуды талап ету, сыни ойлауды шектеу, өз ілімін ғана дұрыс деп көрсету, мүшелеріне психологиялық қысым жасау және қаржылай тәуелділік қалыптастыру жатады.

Деструктивті діни ағымдардың қоғамға әсері өте үлкен. Олар отбасылық қарым-қатынастардың бұзылуына, жастардың теріс жолға түсуіне, әлеуметтік тұрақсыздықтың артуына және радикалды көзқарастардың таралуына себеп болуы мүмкін. Кей жағдайда мұндай ұйымдар қоғамдық қауіпсіздікке де қатер төндіреді.

Сондықтан деструктивті діни ағымдардың алдын алу үшін діни сауаттылықты арттыру, жастарға дұрыс тәрбие беру және ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай білу маңызды. Бұл қоғамның бірлігі мен тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

Н. Мұсабеков,  
дінтанушы, қалалық  
ақпараттық топтың мүшесі

## Зайырлылық – заманауи құқықтық және демократиялық мемлекеттің іргетасы

**Зайырлылық – қазіргі заманғы мемлекеттіліктің маңызды қағидаларының бірі.**

Ол мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасын реттеп, азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығын қамтамасыз етеді. Зайырлы мемлекетте барлық азаматтар дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамастан заң алдында тең құқықтарға ие болады. Сондықтан зайырлылық құқықтық және демократиялық мемлекеттің берік іргетасы саналады.

Зайырлылық ұғымы дінге қарсы көзқарасты білдірмейді. Керісінше, ол әр адамның өз сенімін еркін таңдауға және ұстануға құқығын қорғайды. Мемлекет қандай да бір дінді артықшылықты деп танымастан, барлық діни бірлестіктерге бірдей жағдай жасайды. Бұл қоғамдағы тұрақтылықты сақтап, әртүрлі көзқарастағы адамдардың бейбіт өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Құқықтық мемлекет заңның

үстемдігіне негізделеді. Мұндай мемлекетте заң барлық азаматтарға бірдей қолданылады және ешкім заңнан жоғары тұрмайды. Зайырлылық қағидаты осы құқықтық тәртіптің сақталуына ықпал етеді. Өйткені мемлекеттік шешімдер діни қағидаларға емес, Конституция мен заңдарға сүйене отырып қабылданады. Нәтижесінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тиімді қорғалады.

Демократиялық қоғамда пікір алудандығы мен төзімділік ерекше маңызға ие. Зайырлы мемлекет әртүрлі діни және мәдени топтардың құқықтарын құрметтеп, олардың қоғам өміріне тең дәрежеде қатысуына жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтады. Әсіресе көпұлтты және көпконфессиялы мемлекеттер үшін зайырлылықтың маңызы өте зор.

Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық және демократиялық мемлекет

ретінде жариялаған. Еліміздің Конституциясында адамның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылған. Қазақстанда әр азаматтың ар-ождан бостандығына кепілдік беріледі, сонымен қатар мемлекет қоғамдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау мақсатында діни қызметтің заң аясында жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, зайырлылық – қоғамдағы татулық пен тұрақтылықтың, заң үстемдігі мен демократиялық құндылықтардың негізі. Ол азаматтардың құқықтарын қорғап қана қоймай, әртүрлі мәдениеттер мен діни көзқарастардың өзара сыйластықта өмір сүруіне мүмкіндік береді. Сондықтан зайырлылық қағидатын сақтау мен нығайту – заманауи құқықтық және демократиялық мемлекетті дамытудың маңызды шарты.

А. Танирберген,  
«Саран қаласы ішкі саясат бөлімі»  
ММ басшысының м.а.

» ЗАҚ МЕН ТӘРТІП

# САРАНДА «STOP ГРАФФИТИ» ӨТТІ

ЗАҚ МЕН ТӘРТІП  
Қайыңса Қазақстан үшін!

5 маусым күні Саран қаласының полиция бөлімінің ұйымдастыруымен «STOP ГРАФФИТИ» тақырыбында ауқымды акция өтті. Оған Саран қаласының прокуроры Д. Жұмақан, полиция бөлімінің қызметкерлері мен қала жастары қатысты.

Саран қаласының ПБ криминалдық полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Ақжол Жартыбаев қатысушыларға: «Біздің акцияның басты міндеті - қала көшелерін есірткі заттарын жарнамалайтын қауіпті суреттерден толығымен тазарту», -дей келе, акция-

ны қолдап «Сұңқар» стадионының алаңына жиналған жастарға сәттілік тіледі.

Саран қаласының ПБ есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл тобының жедел уәкілі, полиция майоры Есен Досымбетовтің айтуы бойынша, бұл акция халықты есірткінің зияны мен зиянды әсері туралы ақпараттандыруға бағытталған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының кешенді жоспарына сәйкес бұл ай Дүниежүзілік нашакорлыққа қарсы күрес күніне арналған нашакорлықтың алдын алу айлығы болып белгіленген. Осыған орай, Саран қаласының аумағында профилактикалық іс-шаралар тұрақты негізде жүргізілетін болады.



Осы жолғы акция барысында жас белсенді еріктілердің көмегімен тыйым салынған жазбалар боялып жойылды. Сонымен қатар, аулаларда ақпараттық буклеттер таратылды.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА



» ЗАКОН И ПОРЯДОК

## В Сарани стартовала 38-я Республиканская велогонка «Олимпийские надежды-2026»

ЗАҚ МЕН ТӘРТІП  
Қайыңса Қазақстан үшін!

Девятого июня на площади стадиона «Сұңқар» открылась XXXVIII Республиканская многодневная велогонка «Олимпийские надежды-2026». Уже в 38-й раз гостеприимный город спортивных традиций принимает сильнейших юных велосипедистов со всего Казахстана.

В соревнованиях принимают участие команды из 13 регионов: Астаны, Алматы, Абайской, Акмолинской, Алматинской, Жетysуйской, Костанайской, Кызылординской, Павлодарской, Северо-Казахстанской, Карагандинской

областей и города Сарани. Юные спортсмены выйдут на старт многодневной гонки, где их ждут испытания на выносливость, волю к победе и командный дух.

Почетными гостями церемонии открытия стали легенды казахстанского спорта. Среди них – заслуженный мастер спорта РК, бронзовый призер Олимпийских игр 2004 года по боксу, руководитель КГУ «Областная специализированная детско-юношеская спортивная школа олимпийского резерва по велоспорту» Серик Елеуов. Приветственные слова прозвучали от почетного гражданина Караган-

динской области, участника Олимпийских игр в Мюнхене, призера чемпионата мира по велоспорту, заслуженного тренера РК Анатолия Степаненко.

Главным судьей соревнований назначен Роман Борн.

Многодневная гонка «Олимпийские надежды-2026» была официально объявлена открытой. Впереди у спортсменов несколько дней напряженной борьбы на дорогах Сары-Арки. Организаторы и болельщики пожелали участникам ярких стартов, уверенного финиша и новых спортивных достижений.

Б. МАЙПАСОВА



## ЖОБА Саран қаласы және Ақтас кенті бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 16) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 «Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тізбесін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20542 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Саран қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілген Саран қаласы және Ақтас кенті бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Саран қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №14/01 «Саран қаласы бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Д. Бұлқайыр,  
Саран қаласының әкімі*

Саран қаласы әкімдігінің 2026 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ қаулысына қосымша

## Саран қаласы және іргелес кенттер бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Саран қаласы және Ақтас кенті бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 16) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 249 «Коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тізбесін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20542 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну мен ақы төлеу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бірыңғай төлем құжаты - коммуналдық және қосымша қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған, төлем және (немесе) ақша аударымы негізінде немесе оның көмегімен жүзеге асырылатын электрондық нысанда қалыптастырылған құжат;

2) биллинг - абоненттерге көрсетілетін қызметтерді есепке алу операцияларын автоматты түрде орындауға, сондай-ақ оларды тарифтеуге және ақы төлеу үшін шоттар беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

3) бірыңғай есеп айырысу орталығы (бұдан әрі - БЕО) - уәкілетті орган айқындайтын жұмыс істеу талаптары мен тәртібіне сәйкес келетін, бірыңғай төлем құжатын қалыптастыруды жүзеге асыратын және ақпараттық жүйелер негізінде коммуналдық көрсетілетін қызметтерді берушілер мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін заңды тұлғалар;

4) газбен жабдықтау - тауарлық, сұйытылған мұнай газын және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу саласындағы қызмет;

5) есепке алу аспабы - коммуналдық көрсетілетін қызметтерді жеке және (немесе) үй бойынша ортақ тұтынушы коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

6) жеткізуші - меншік нысанына қарамастан, бекітілген шартқа сәйкес тұтынушыларға коммуналдық қызметтер көрсететін заңды немесе жеке тұлға;

7) жылумен жабдықтау - жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті өндіру, беру, бөлу және тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет;

8) коммуналдық қалдықтар - елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекетінің нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен пайда болу сипаты бойынша оларға жақын өндірістік қалдықтар;

9) коммуналдық көрсетілетін қызметтер - тұтынушыға ұсынылатын, қауіпсіз және

жайлы тұру (болу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқыс әкетуді қамтитын қызметтер;

10) кондоминиум объектісі - дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтұрақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншікте болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындары, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

11) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі-кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холлдар, дәліздер, баспалдақ шерулері мен баспалдақ алаңдары, шатырлар, шатырлар, техникалық қабаттар, жертелелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, жеке (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, тұрақ орындарынан, қоймалардан басқа)

12) қаржы ұйымдары - қызметі «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңмен реттелетін банктер, сондай-ақ «Төлем ұйымдары және төлем жүйелері туралы» Заңға сәйкес қызметін жүзеге асыратын, БЕО-ның қаржы серіктестері болып табылатын, меншікті төлем құралдарын (касса, интернет-банкинг, мобильді қосымшалар, терминалдар және басқа да құралдар) пайдалана отырып бірыңғай төлем құжаты негізінде тұтынушылардан төлемдерді қабылдайтын және алынған ақшалай қаражатты қызметтерді жеткізушілердің есеп шоттарына аударатын төлем ұйымдары;

13) қосымша қызметтер - бұл коммуналдық қызметтер болып табылмайтын, бірақ жайлы және қауіпсіз тұруды қамтамасыз етуге бағытталған жеке меншік үйлерді қоса алғанда, тұрғын үй қорын ұстаумен, қызмет көрсетумен және пайдаланумен тікелей байланысты қызметтер;

14) сервистік қызмет субъектісі - жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтерді көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

15) су бұру - сарқынды суларды жинауды, тасуды, тасымалдауды, тазартуды және су бұру жүйелері арқылы су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жер бедеріне ағызуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

16) су бұру-су бұру жүйелері арқылы сарқынды суларды су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жердің рельефіне жинауды, тасымалдауды, тазартуды және ағызуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

17) тапсырыс беруші - қызметін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке немесе заңды

## ПРОЕКТ Об утверждении Правил предоставления коммунальных услуг по городу Сарани и поселку Актас

В соответствии с подпунктом 16) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», приказом исполняющего обязанности Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 29 апреля 2020 года № 249 «Об утверждении перечня коммунальных услуг и Типовых правил предоставления коммунальных услуг» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 20542), акимат города Сарани ПОСТАВЛЯЕТ:

1. Утвердить прилагаемые Правила предоставления коммунальных услуг по городу Сарани и поселку Актас.

2. Признать утратившим силу постановление акимата города Сарани от 22 февраля 2022 года № 14/01 «Об утверждении Правил предоставления коммунальных услуг по городу Сарани и поселку Актас».

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

*Д. Бұлқайыр,  
аким города Сарани*

Приложение к постановлению акимата города Сарани от \_\_\_\_\_ 2026 года № \_\_\_\_

## Правила предоставления коммунальных услуг по городу Сарани и поселку Актас

Глава 1. Общие положения

1. Настоящие Правила предоставления коммунальных услуг по городу Сарани и поселку Актас разработаны в соответствии с подпунктом 16) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан

«О жилищных отношениях», приказом исполняющего обязанности Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 29 апреля 2020 года № 249 «Об утверждении перечня коммунальных услуг и Типовых правил предоставления коммунальных услуг» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 20542) и устанавливает порядок, предоставления и оплаты коммунальных услуг.

2. В настоящих Правилах используются следующие основные понятия:

1) единый платежный документ - документ, составленный на бумажном носителе либо сформированный в электронной форме, на основании или с помощью которого осуществляются платежи и (или) перевод денег, составленный для осуществления оплаты коммунальных и дополнительных услуг;

2) биллинг - аппаратно-программный комплекс, предназначенный для автоматического выполнения операций учета услуг, предоставляемых абонентом, а также их тарификации и выставления счетов для оплаты;

3) единый расчетный центр - юридические лица, соответствующие определяемым полномоченным органом требованиям и порядку работы, осуществляющие формирование единого платежного документа и обеспечивающие взаимодействие между поставщиками коммунальных услуг и потребителями коммунальных услуг на основе информационных систем;

4) газоснабжение - деятельность в сфере производства, транспортировки (перевозки), хранения и реализации товарного, сжиженного нефтяного и (или) сжиженного природного газа;

5) прибор учета - техническое устройство, предназначенное для коммерческого учета индивидуального и (или) общедомового потребления коммунальных услуг, разрешенное к применению в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан;

6) поставщик - юридическое или физическое лицо, независимо от формы собственности, предоставляющее потребителям коммунальные услуги согласно заключенного договора;

7) теплоснабжение - деятельность по производству, передаче, распределению и продаже потребителям тепловой энергии и (или) теплоносителя;

8) коммунальные отходы - отходы потребления, образующиеся в населенных пунктах, в том числе в результате жизнедеятельности человека, а также отходы производства, близкие к ним по составу и характеру образования;

9) коммунальные услуги - услуги, предоставляемые потребителю, включающие водоснабжение, водоотведение, газоснабжение, электроснабжение, теплоснабжение, мусороудаление, для обеспечения безопас-

ных и комфортных условий проживания (пребывания);

10) объект кондоминиума - единый имущественный комплекс, состоящий из квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности, и общего имущества, которое не может находиться в индивидуальной (раздельной) собственности и принадлежит собственникам квартир, нежилых помещений парковочных мест, кладовок, на праве общей долевой собственности, включая единый неделимый земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок;

11) общее имущество объекта кондоминиума - части объекта кондоминиума (фасады, подъезды, вестибюли, холлы, коридоры, лестничные марши и лестничные площадки, крыши, чердаки, технические этажи, подвалы, общедомовые инженерные системы и оборудование, абонентские почтовые ящики, земельный участок под многоквартирным жилым домом и (или) придомовой земельный участок, элементы благоустройства и другое имущество общего пользования), кроме квартир, нежилых помещений, парковочных мест, кладовок находящихся в индивидуальной (раздельной) собственности

12) финансовые организации - это банки, деятельность которых регулируется Законом «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», а также платежные организации, осуществляющие деятельность в соответствии с Законом «О платежных организациях и платежных системах», выступающие финансовыми партнерами ЕРЦ, принимающие платежи от потребителей на основе единого платежного документа с использованием собственных платежных инструментов (касс, интернет-банкинга, мобильных приложений, терминалов и других средств) и перечисляющие полученные денежные средства на расчетные счета поставщиков услуг;

13) дополнительные услуги - это услуги, не являющиеся коммунальными услугами, но непосредственно связанные с содержанием, обслуживанием и эксплуатацией жилого фонда, включая частные домовладения, направленные на обеспечение комфортного и безопасного проживания;

14) субъект сервисной деятельности - физическое или юридическое лицо, оказывающее услуги по содержанию общего имущества объекта кондоминиума на основании заключенного договора;

15) водоснабжение - совокупность мероприятий, обеспечивающих забор, хранение, подготовку, подачу и распределение водных ресурсов;

16) водоотведение - совокупность мероприятий, обеспечивающих сбор, транспортировку, очистку и сброс сточных вод через системы водоотведения в водные объекты, накопители сточных вод или на рельеф местности;

17) заказчик - физическое или юридическое лицо, осуществляющее деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан об архитектурной, градо-

тұлға. Жобаның (бағдарламаның) тапсырыс беруші-инвесторы, тапсырыс беруші (меншік иесі), құрылыс салушы не олардың уәкілетті адамдары қызмет мақсаттарына қарай тапсырыс беруші бола алады;

18) транзиттік шот - екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылатын, көрсетілген қаражатты тиісті қызметтерді көрсетушілердің есеп айырысу шоттарына кейіннен автоматтандырылған түрде бөлумен, Бірыңғай төлем құжаты негізінде коммуналдық қызметтерді тұтынушылардан түсетін ақшалай қаражатты жинақтауға арналған арнайы банктік шот;

19) төлем құжаты – өнім берушінің ұсынған көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) үшін төлемді жүзеге асыру үшін жасалған, соның негізінде төлем жүргізілетін құжат (электрондық шот-фактура, шот, хабарлама, түбіртек, оның ішінде бірыңғай төлем құжатының құрамында, ескерту-шот, талап, талап-арыз);

20) тұрмыстық қатты қалдықтар – қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар;

21) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісі – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер;

22) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық нысандағы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау және сақтаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы) – бұл тұрғын үй қорын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты талдау және тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін ТКШ ақпараттандыру объектілерінен ақпаратты шоғырландыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттік ақпараттық жүйе;

23) тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық оператор - энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық операторы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

24) тұрмыстық тұтыну – коммуналдық көрсетілетін қызметтерді кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатында емес, тұтынушылардың тұрмыстық мұқтаждығы үшін тұтыну.

25) тұтынушы - коммуналдық және өзге де қосымша қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

26) уәкілетті орган-тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

27) үйге ортақ инженерлік жүйелер – көп-пәтерлі тұрғын үйде пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, орынтұрақ орнының, қойманың шегінен тыс жердегі немесе ішіндегі және екі және одан көп пәтерге, тұрғын емес үй-жайға, орынтұрақ орнына, қоймаға қызмет көрсететін суық және ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, түтін жою, өрт дабылы, ішкі өртке қарсы су құбыры, қоқыс өкету, ауабатпау, желдету, жылуды реттеу және вакуумдау жүйелері, тоғы әлсіз инженерлік жүйелер;

28) электрмен жабдықтау – электр энергиясын өндіру, беру және тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет.

2-тарау. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың тәртібі мен шарттары

3. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну өнім беруші мен тұтынушы және/немесе заңда белгіленген тәртіппен қызметтің әрбір түрі бойынша шарт жасасуға уәкілеттік берілген өзге тұлға арасында жасалған келісім негізінде жүзеге асырылады.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын коммуналдық қызметтерге ақы төлеу тәртібі мүлік меншік иелерінің жиналысымен шешіледі.

4. Көппәтерлі тұрғын үйге (кешенге) тапсырыс беруші объектіні пайдалануға бергеннен кейін, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің алдын ала келісімі бойынша, тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері мен коммуналдық қызметтерді (қызметтердің әрбір түріне) берушілер арасында оларды кейіннен жасасу (қол қою) үшін шарттардың жобаларын дайындайды.

5. Қосылыс желісі арқылы коммуналдық қызметтер үшін тұтынушы мен коммуналдық қызметтерді жеткізуші арасында жеке

және (немесе) жария шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

6. Меншік иелерінің бірлестіктері немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері коммуналдық қызметтерді жеткізушілермен (қызметтің әр түріне) ынтымақтастық туралы шарттар жасайды.

7. Мүлік иелерінің бірлестіктері немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға сервистік қызмет субъектілерімен шарт жасасуға алады.

